



Казір керексіз мамандар көбейіп кетті. Керісінше, керек мамандықтарға мойын бұратындардың карасы аз. Статистикаға сенсек, елімізде 1,5 миллион диплом иесі жұмыссыз жүр. Есесіне қоғамға қажетті шаруашылық мамандары тапшы. Мұның негізгі себебі неде? Жакында электронды еңбек биржасының сайтында жарияланған еліміздің жоғары оқу орындарының рейтингісі осы сауалымызға нақты жауап бергендей болды.

Бұл рейтингті Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің тапсырысы бойынша Еңбек ресурстарын дамыту орталығы дайындапты. Орталық еліміздегі мамандарды да-йын-дайтын ең нашар 20 оқу орнының тізімін жариялады. Рейтинг Қазақстанның 101 ЖОО-на жасалған екен. Оқу тиімділігі мен түлектердің еңбек нарығындағы табыс-тылығын негізге алған сараптамаға келіспегендер де бар. Ойткені ол тізімде елі-міздегі мүйізі қарағайдай оқу орындары жүр. Ең әлсіз деген универс-итеттер қатарына негі-зінен Алматы мен елі-міздің онтүстік оніріндегі жоғары оқу орындары жа-тады. Тіпті, Қазақ ұлттық аграр-лық университеті, К.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық тех-ни-калық зерттеу университеті, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық онер академиясы, С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медици-на универ-ситеті сиякт-ы беделд-і мемлекеттік оқу орындарының да ат-тары жүр.

Қалай десек те, сала мамандары бұл сараптаманын шындыққа жанасатынын айтады. Ойткені бұл оқу орындарын бітірген мамандар толыққанды жұмыс тапқан жоқ. Немесе озіне қатысы жоқ басқа салада еңбек етіп жүр. Нашар университетті анықтаудың ұтымды тәсілінің пайда болғанына қуанған қоғам қайраткерлері «Отірік диплом сатып, елді алдағанша, қоғамға қажетті маман иелерін дайындап, шындыққа қарауды осы оқу орындарынан бастау керек» дейді.

«Серпін» ұлттық білім және инновация палатасының төрағасы Мұрат Әбенев те оқу орындарына сырттан тәуелсіз бақылаудың болмауынан, осы жағдайға жеткенін айтты. «Оқу бітірген жас маман жұмыс іздейді. Таппайды. Ойткені оның тәжірибесі жоқ. Кез келген мекеме оны жұмысқа алмайды. Ойткені оқу орны мен өндірістің арасында байланыс жоқ. Амалсыз жалған анықтама жасатып, оқу орнына өткізеді. Осындай отірік анықтамалар арқылы ол оқу орны келесі жылы мемлекеттен грант алады. Міне, өді-летсіздік. Ал шын мәнінде, ол мамандар қоғамдағы жұмыссыз мамандардың қатарын толықтыруда. Қажетсіз мамандықтарға жылда грант бөлінгесін жастар елімізге қажетті мамандық деп тағы алданады. Салдарынан оқу бітіргесін, жұмыс таппайды. Сосын билікке, мемлекетке өкпелейді», - дейді ол.

Бұрын талапкер мұғалім, мал технигі, мал дәрігері болуы қалайтын. Ал, қазір заңгер, кеденші, экономист болуды жөн қореді. Содан болар, жоғары оқу орындарын бітіргендердің 4,3 бөлігі заңгер, экономист, кеденші мамандықтарын құрайды. Олардың пікірінше бұл саланың болашағы зор. Жалақысы басқа кәсіппен салыстырғанда жоғары. Алайда заңгер, кеденшілердің жұмысқа орналасуы қокейкесті мәселеге айналды. Салдарынан жұмыссыз жастардың қатары қобейді. Бірі құн-қоріс қамымен базар жағаласа, бірі құрылысшы, құзетші болып құнн қоруге мәжбүр.

Қазір қай мамандыққа құраныс жоғары деген сауалға жастардан бұрын ата-аналар да ойлана бастады. Бұрын-ғыдай «оқып, қолына диплом-ломын алса болды, ары қарай қорерміз» деген түсініктің қате екеніне қоз жеткізгендей. Ал ғалымдарымыздың айтуынша, қазаққа ғылым саласына жете қоніл болудың қажеттілігі туындап отыр. Сондықтан технологияның кез келген саласы қазаққа жат емес. Тіпті ұлт тарихын еқроцен-тристік қозқарастан алып шығып, жанаша зерделейтін мықты тарихшылардың қажеттілігі сезілуде. Жана формацияда өмір құріп жатқандықтан тіл заңдарына да қайта қарайтын сауатты, білікті лингвистер жетіспейді. Бұрын қолына су құя қалғанда ақсақалдарымыз «мұғалім бол» деп бата беруші өді. Қазір педагог болуға тырысатындар аз. Ал, біздің өндірістеріміз бен өнер-кәсіптерімізді ешкімге жалтақтамай басқаратын қазақ жігіттерін оқытып шығару кезек құттірмейді.

Қазір қызмет қорсету сала-сына 60 пайыз, шағын және орта бизнеске 80 пайыз-мамандар жетіспейді. Біздің жүйенің басты кәтәлігі, осындай керек мамандықтарға гана грант боліп, басқасын тоқтата тұрмауымызда болып отыр.

Түнгыш Президентіміз Н.Назарбаев қазақстандық ЖОО-на әр азаматтын алған білімі мен біліктілігі әлем-нің кез келген елінде сұранысқа ие маман болатындай білім деңгейіне жетуді мін-дет етіп қойған болатын. Және Елбасы нанотехнологиялық орталықтар мен зерттеу институттарын қалай болғанда да дамыту керек- деген--ді. Бүгінде облысымызда техникалық мамандығы бар кадрлар тапшы екені мәлім. Айталық, об-лыс-тағы комбинаттар мен зауыт-тар техникалық мамандықтарға зәру. Әсіресе, маркетинг, инженер, агро-ном, дизайнер, химик, ақпараттық технологтарды емге таба алмайсыз. Тіпті қарапайым аң үйретушіге де сұраныс бар. Керек десеніз, ауылдарда мал дәрігері жетіспейді. Ет онді-ретін зауыт, оған онімін әкелетін малшы да қажетті мамандықтардың қатарынан орын алды. Мұражай, кітапханаларға да сұраныс көп. Мұнай ондіру мен ондеу жұмысына да озіміздің қазақ азаматтарынан шыққан мамандар аса қажет. Химиялық тамақ өнеркәсібінің болашағы да зор. Себебі, бұл мамандықтарды меңгерген әрбір азаматтын келешекте озінің жеке өнеркәсібін ашуга мүмкіндігі мол. Яғни, бүгінгі күні тек компьютерді меңгеріп қоймай, тұтынушы ретінде гана емес, онімі шығара алатын, кәсібін өрге сүйрейтін маман керек.

Түйін. *Іс жүзінде, өнбек қарығында жоғары білімі бар мамандар қ талап етілетін тек 15 пайыз жұмыс орны гана бар екен. Жұмыс орындарының 85 пайызын орта арнайы білім иелері алып отыр. Ал біздің жастар жоғары оқу орындарына өз еркімен оқуға түсіп, төрт жылдан соң өзін жұмыссыздықпен қамтып отыр. Бұл – білім саласындағы бәреке-сіздіктің, жүйесіздіктің айқын көрінісі...*

Құттықтәке **НҰРГАБЫЛ**